

"Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 30 тамыздағы № 121 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 30 тамыздағы
№ 121 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласында жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 06 тамыздағы № 131 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасын интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 06 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін "Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қатысушылардың арасындағы, осы жалпы процестің (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдерді қоса алғанда, ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"межелі орын мемлекеті" – аумағында ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың (бұдан әрі – бақылауға жататын тауарлар) межелі орны орналасқан Одақтың мүше мемлекеті (бұдан әрі – мүше мемлекет);

"жөнелту орны мемлекеті" – аумағында бақылауға жататын тауарларды жөнелту орны орналасқан мүше мемлекет.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Шартта және Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процестің қатысушысы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 09 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету"

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.SS.03, 0.3.0 нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаттары мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары:

1) Одақтың кедендік аумағына ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бірыңғай талаптарға сәйкес келмейтін, жануарлардан алынатын тауарларды (өнімдерді) әкелуге жол бермеу бойынша шаралар қолдану арқылы ветеринариялық бақылаудың (қадағалаудың) тиімділігін арттыру және оны жүргізу;

2) ветеринариялық-санитариялық шараларды қолданудың транспаренттілігін және оларды өндіру, тасымалдау, мүше мемлекеттердің аумағында өткізу кезінде бақылауға жататын тауарлардың қадағалануын қамтамасыз ету.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы мемлекеттік органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) арасында жедел ақпаратпен;

межелі орын мемлекетіне өткізілетін, берілген (оның ішінде ауыстыруға арналған) бақылаудағы тауарға ілеспелі ветеринариялық сертификат туралы мәліметтермен және сертификаттың күші жойылған жағдайда оның мәртебесін ауыстыру туралы хабарламалармен (бұдан әрі – ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама);

жүру жолында және межелі орында ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламалармен (бұдан әрі – ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарлама);

жүру жолында және межелі орында бақылаудағы тауарға ветеринариялық қарап-тексеру жүргізу туралы мәліметтермен (бұдан әрі – ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтер);

межелі орында ветеринариялық сертификаттың күші жойылған жағдайда оның мәртебесін ауыстыру туралы хабарламалармен (бұдан әрі – ветеринариялық сертификаттың күшінің жойылуы туралы хабарлама);

жүру жолында және межелі орында бақылаудағы тауар қозғалысы тоқтатыла тұрған жағдайлар (бұдан әрі – тауар қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтер) және олардың себептері мен қабылданған шаралар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету;

2) басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органынан сұрау салу бойынша ветеринариялық сертификат туралы мәліметтер беруді қамтамасыз ету;

3) уәкілетті органдардың берілген ветеринариялық сертификаттар, оның ішінде ветеринариялық бақылау (қадағалау) жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар туралы жалпы мәліметтерді (бұдан әрі – ветеринариялық сертификаттар туралы жалпы мәліметтер) Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) сұрау салу бойынша беруін қамтамасыз ету;

4) уәкілетті органдардың қазіргі сәтте қолданатын және ветеринариялық сертификаттар туралы мәліметтермен алмасу және тауарлардың қозғалысын тоқтата тұру үшін қажетті тізбелерді, сыныптауыштарды және анықтамалықтарды әзірлеу, үйлестіру және өзекті ету, сондай-ақ олардың электрондық нысандарын әзірлеу.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	сұрау салуды және уәкілетті органдардан ветеринариялық сертификаттар туралы жалпы мәліметтер алуды жүзеге асыратын Одақ органы
P.SS.03.ACT.001	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы	уәкілетті орган: берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді межелі мемлекеттің уәкілетті органына ұсынуды; ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны межелі мемлекеттің уәкілетті органына жіберуді; уәкілетті органнан ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарлама алуды; уәкілетті органнан ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді алуды; тағайындалған мемлекеттің уәкілетті органынан ветеринариялық сертификатты өтеу туралы хабарлама алуды;

		уәкілетті органнан тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтер алуды; ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді уәкілетті органға сұрау салу бойынша ұсынуды жүзеге асырады
P.SS.03.ACT.002	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы	ууәкілетті орган: жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органынан берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді алуды; жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органынан ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама алуды; уәкілетті органнан ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарлама алуды; уәкілетті органнан ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді алуды; ветеринариялық сертификатты өтеу туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберуді; уәкілетті органнан тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтер алуды жүзеге асырады
P.SS.03.ACT.003	уәкілетті орган	уәкілетті орган: ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жіберуді; ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына және межелі мемлекеттің уәкілетті органына ұсынуды; тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына және межелі жер мемлекетінің уәкілетті органына ұсынуды; жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органынан ветеринариялық сертификат

		туралы мәліметтерді сұратуды және алуды; ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді сұрау салу бойынша Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
--	--	---

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс бұл мақсатына қарай топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

1) ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.03.PGR.001);

2) жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.03.PGR.002);


3) тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.03.PGR.003);

4) ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімдері (P.SS.03.PGR.004);

5) ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімдері (P.SS.03.PGR.005).

11. Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасу ветеринариялық қарап-тексеру жүргізу кезінде ветеринариялық сертификатты беру, күшін жою, алып қою немесе ветеринариялық қарап-тексеру жүргізу қорытындылары бойынша өтеу фактілері бойынша, сондай-ақ бақылаудағы тауардың жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық қарап-тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар себептері бойынша тауардың қозғалысын тоқтата тұру фактілері бойынша жүргізіледі. Уәкілетті органдар басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша да ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді және Комиссияның сұрау салуы бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

12. Жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әр тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтірілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық белгісін (бірыңғай модельдеу тілі – Unified Modeling Language) қолдана отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы (P.SS.03.PGR.001)

15. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау ветеринариялық сертификатты беру немесе күшін жою фактілері бойынша жүзеге асырылады.

Ветеринариялық сертификат берілген жағдайда "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P. SS.03.PRC.001) орындалады, оны орындау барысында жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

Ветеринариялық сертификаттың күші жойылған жағдайда "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" (P. SS.03.PRC.002) рәсімі орындалады оны орындау барысында жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама қалыптастырады және оны межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

16. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 30 тамыздағы № 121 шешімімен бекітілген "Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асырған кездегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 30 тамыздағы № 121 шешімімен бекітілген "Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдары) сәйкес келуі тиіс.

17. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының сипаттамасы (P. SS.03.PGR.001) 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының жалпы схемасы (P.SS.03.PGR.001)

18. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P. SS.03.PGR.001) 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.001)

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.PRC.001	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау процесінде жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және межелі мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
P.SS.03.PRC.002	ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама	рәсімді орындау процесінде жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны қалыптастырады және межелі жер мемлекетінің уәкілетті органына жібереді

5. Жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобы (P. SS.03.PGR.002)

19. Жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау жол жүру жолында және межелі жерде бақылаудағы тауарды ветеринариялық қарап-тексеру жүргізу кезінде, сондай-ақ межелі жерде ветеринариялық сертификатты өтеу кезінде ветеринариялық сертификатты алу фактілері бойынша жүзеге асырылады.

Бақылаудағы тауардың жүру жолында ветеринариялық сертификатты алып қою кезінде "Ветеринариялық сертификатты алып қою туралы жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын хабардар ету" (P. SS.03.PRC.003) және "Ветеринариялық сертификатты алу туралы межелі мемлекеттің уәкілетті органын хабардар ету" (P. SS.03.PRC.004) рәсімдері орындалады, оларды орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қалыптастырады және тиісінше жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

Бақылаудағы тауар тағайындалған жерде ветеринариялық сертификатты алып қойған кезде "Ветеринариялық сертификатты алып қою туралы жөнелтуші мемлекеттің уәкілетті органын хабардар ету" рәсімі (P. SS.03.PRC.003) орындалады, оны орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.


Жүру жолында бақылаудағы тауарды ветеринариялық қарап-тексеруді жүргізу кезінде "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді ұсыну" (P. SS.03.PRC.005) және "Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді ұсыну" (P. SS.03.PRC.006) рәсімдері орындалады, оларды орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына және межелі жер мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

Бақылаудағы тауарды тағайындалған жерде ветеринариялық қарап-тексеруді жүргізу кезінде "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P. SS.03.PRC.005) орындалады, оны орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

Ветеринариялық сертификат бақылаудағы тауар тағайындалған жерде өтелген жағдайда "Ветеринариялық сертификатты өтеу туралы хабарлама" (P. SS.03.PRC.007) рәсімі орындалады, оны орындау барысында межелі жер мемлекетінің уәкілетті органы ветеринариялық сертификатты өтеу туралы хабарлама қалыптастырады және оны жөнелту жері мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

20. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

21. Жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы (P. SS.03.PGR.002) 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Жүру жолында және межелі орында ветеринариялық сертификат туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының жалпы схемасы

22. Жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.002), 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.002)

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.PRC.003	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабардар ету	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.03.PRC.004	межелі мемлекеттің уәкілетті органын ветеринариялық	рәсімді орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық сертификатты алып қою туралы

	сертификатты алып кою туралы хабардар ету	хабарлама қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.03.PRC.005	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.03.PRC.006	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтерді қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.03.PRC.007	ветеринариялық сертификатты өтеу туралы хабарлама	рәсімді орындау процесінде межелі жер мемлекетінің уәкілетті органы ветеринариялық сертификатты өтеу туралы хабарламаны қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді

6. Тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы (P.SS.03.PGR.003)

23. Тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау бақылаудағы тауардың жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық қарап-тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар себептері бойынша тауардың қозғалысын тоқтата тұру фактілері бойынша жүзеге асырылады.


Жүру жолында тауардың қозғалысы тоқтатыла тұрған жағдайда "Тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсыну" (P. SS.03.PRC.008) және "Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.03.PRC.009) рәсімдері орындалады, оларды орындау барысында уәкілетті орган тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді қалыптастырады және тиісінше жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

Межелі жерде тауардың қозғалысы тоқтатыла тұрған жағдайда "Тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсыну" рәсімі (P.SS.03.PRC.008) орындалады, оны орындау барысында уәкілетті орган тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

24. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің

форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

25. Тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы (P. SS.03.PLR.003) 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Тауар қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының жалпы схемасы (P.SS.03.PGR.003)

26. Тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.003) 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.003)

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.PRC.008	тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсыну	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
P.SS.03.PRC.009	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтерді қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді


7. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімдерінің тобы (P.SS.03.PGR.004)

27. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімі уәкілетті органның жүру жолында бақылаудағы тауарға ілесіп жүретін ветеринариялық сертификатты беру және ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді алу фактісін тексеру мақсатында, оның ішінде ветеринариялық сертификатты қағаз жеткізгіште ұсынған жағдайда орындалады.

"Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну" рәсімін (P. SS.03.PRC.010) орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және оны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсынады немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны уәкілетті органға жібереді.

28. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

29. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімдері тобының сипаттамасы (P. SS.03.PGR.004) 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша беру рәсімдері тобының жалпы схемасы

30. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P. SS.03.PGR.004) 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.004)

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.PRC.010	ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну	рәсімді орындау барысында уәкілетті орган ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша алуды жүзеге асырады


8. Ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді сұрау салу бойынша ұсыну рәсімдері тобы (P.SS.03.PGR.005)

31. Сұрау салу бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну рәсімі Комиссия ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді алу қажет болған кезде жалпы процесті іске асыру (орындау) нәтижелерін мониторингтеу және талдау мақсатында орындалады.

"Сұрау салу бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.03.PRC.011) рәсімін орындау барысында Комиссия ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді. Уәкілетті орган ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсынады немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны Комиссияға жібереді.

32. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 30 тамыздағы № 121 шешімімен бекітілген "Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

33. Сұрау бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының сипаттамасы (P.SS.03.PGR.005) 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. Ветеринариялық сертификаттар туралы жалпы мәліметтерді сұрау салу бойынша беру рәсімдері тобының жалпы схемасы (P.SS.03.PGR.005)

34. Сұрау салу бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.005) 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Сұрау салу бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.03.PGR.005)

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.PRC.011	сұрау салу бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау барысында сұрау салу бойынша ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтерді Комиссияға ұсыну жүзеге асырылады

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

35. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
		жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына ұсынатын берілген және күші

P.SS.03.BEN.001	ветеринариялық сертификат туралы мәліметтер	жойылған ветеринариялық сертификаттар туралы мәліметтер; уәкілетті орган межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсынатын алып қойылған ветеринариялық сертификаттар туралы мәліметтер және ветеринариялық қарап-тексеру туралы мәліметтер; межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсынатын өтелген ветеринариялық сертификаттар туралы мәліметтер; сұрау салу бойынша уәкілетті органға жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы ұсынатын ветеринариялық сертификаттар туралы мәліметтер
P.SS.03.BEN.002	тауардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтер	уәкілетті орган межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына ұсынатын тауарлардың қозғалысын тоқтата тұру туралы мәліметтер
P.SS.03.BEN.003	жалпыланған мәліметтер	уәкілетті орган сұрау салу бойынша Комиссияға ұсынатын ветеринариялық сертификаттар туралы жалпыланған мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

36. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту Шартқа, өзге де халықаралық шарттарға және Одақтың құқығын құрайтын актілерге, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

37. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларын сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.014	кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.015	көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	көлік құралдары мен тауарларды тасымалдау түрлерінің тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдер атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.021	жүк, қаптау және қатау материалдары түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	жүктің, қаптаманың және б у ы п - т ү ю материалдарының кодтары мен атауларының тізбесін және оларға сәйкес кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі


			№ 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.023	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	кодтардың, шартты белгілердің және өлшем бірліктерінің атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.030	жануарлардың қауіпті, карантиндік және зооноздық ауруларының сыныптауышы	сыныптауыш	жануарлардың қауіпті, карантиндік және зооноздық ауруларының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.033	ветеринариялық бақылауға жататын өнім түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ветеринариялық бақылауға жататын өнім түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.036	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық одақ органдары атауларының тізбесін және оларға сәйкес кодтарын қамтиды
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандардың сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық субъектілерін сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.03.PGR.001)

"Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.SS.03.PRC.001)

38. "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімін (P.SS.03.PRC.001) орындау схемасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтер ұсыну" рәсімін орындау схемасы (P.SS.03.PRC.001)

39. "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.SS.03.PRC.001) мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды сүйемелдеу үшін ветеринариялық сертификат беру (оның ішінде ауыстыру) фактісі бойынша орындалады.

40. Бірінші "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді жіберу" (P.SS.03.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

41. Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді алған кезде "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.03.OPR.002) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады, жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жіберіледі.

42. Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы алған кезде "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу" (P.SS.03.OPR.003) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

43. "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімін орындау нәтижесі (P.SS.03.PRC.001) берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына ұсыну болып табылады.

44. "Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P.SS.03.PRC.001) 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

"Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P.SS.03.PRC.001) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.OPR.001	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді жіберу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.SS.03.OPR.002	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.SS.03.OPR.003	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген

10-кесте

"Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді жіберу" (P.SS.03.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.03.OPR.001
2	Операцияның атауы	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді жіберу
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды сүйемелдеу үшін ветеринариялық сертификат беру (оның ішінде ауыстыру) фактісі бойынша орындалады
		ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және

5	Шектеулер	мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қалыптастырады және Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтер жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

11-кесте

"Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.03. OPR.002) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.03.OPR.002
2	Операцияның атауы	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді жіберу" операциясы (P. SS.03.OPR.001))
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама және электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (

		мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады және Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өндеу туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтер өңделді, берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өндеу туралы хабарлама жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

12-кесте


"Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өндеу туралы хабарламаны алу" операциясының (P.SS.03.OPR.003) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.03.OPR.003
2	Операцияның атауы	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өндеу туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өндеу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді қабылдау және өндеу" (P.SS.03.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және

		мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	берілген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама өңделді

"Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" (P.SS.03.PRC.002) рәсімі

45. "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" рәсімін (P.SS.03.PRC.002) орындау схемасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" рәсімін орындау схемасы (P.SS.03.PRC.002)

46. "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" (P.SS.03.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды алып жүру үшін жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы бұрын ресімдеген ветеринариялық сертификат жойылған кезде орындалады.

47. Біріншісі "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама жіберу" операциясы (P. SS.03.OPR.004) орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

48. Межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны алған кезде "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу" операциясы орындалады (P.SS.03.OPR.005), оның нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

49. "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" (P.SS.03.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі межелі орын мемлекетінің уәкілетті органының ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны алуы болып табылады.

50. "Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P.SS.03.PRC.002) 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама" (P.SS.03.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.OPR.004	ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SS.03.OPR.005	ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

14-кесте

"Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама жіберу" (P.SS.03.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.03.OPR.004
2	Операцияның атауы	ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама жіберу
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды алып жүру үшін жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті

		органы бұрын ресімдеген ветеринариялық сертификат жойылған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама қалыптастырады және межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама межелі орын мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

15-кесте

"Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу" (P.SS.03.OPR.005) операциясының сипаттамасы


Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.03.OPR.005
2	Операцияның атауы	ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	межелі орын мемлекетінің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама жіберу" (P.SS.03.OPR.004) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама және электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасындағы

		ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарламаны қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	ветеринариялық сертификаттың күшін жою туралы хабарлама өңделді

2. Жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификат туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.03.PGR.002)

"Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабардар ету" (P.SS.03.PRC.003) рәсімі

51. "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабардар ету" (P.SS.03.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 9-суретте көрсетілген.



9-сурет. "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органының ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламасы" рәсімін орындау схемасы

52. "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабардар ету" (P.SS.03.PRC.003) рәсімі бақылаудағы тауарды ветеринариялық қарап-тексеруді жүргізу кезінде жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификатты алып қою фактісі бойынша орындалады.

53. Бірінші болып "Ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберу" (P.SS.03.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган ветеринариялық сертификатты алып қойғаны туралы хабарламаны қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді.

54. Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны алған кезде "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органының ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қабылдауы және өңдеуі" операциясын орындалады (P.SS.03.OPR.007), оның нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

55. "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабардар ету" (P.SS.03.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесі жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органының ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны алуы болып табылады.

56. "Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабардар ету" (P.SS.03.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

"Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органын ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабардар ету" (P.SS.03.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.03.OPR.006	ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберу	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.SS.03.OPR.007	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органының ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қабылдауы және өңдеуі	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген

17-кесте

"Ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберу" (P.SS.03.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгіленуі	P.SS.03.OPR.006
2	Операцияның атауы	ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	бақылаудағы тауарды ветеринариялық қарап тексеру жүргізу кезінде жүру жолында және межелі жерде ветеринариялық сертификатты алып қою фактісі бойынша орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қалыптастырады және жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарлама жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органына жіберілді

18-кесте


"Жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органының ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.03.OPR.007) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.03.OPR.007
2	Операцияның атауы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органының ветеринариялық сертификатты алып қою туралы хабарламаны қабылдауы және өңдеуі
3	Орындаушы	жөнелту орны мемлекетінің уәкілетті органы

